

Лексикалық тақырып: *Көне түркілердің Ұмай ана түсінігі.*

Грамматикалық тақырып: *Сын есімнің шырайлары*



Берілген мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз

Көне түркілердің Ұмай ана түсінігі.

Сақ тайпаларының көне түркілермен генеологиялық байланысының болып-болмағаны көмескілеу көрінгенімен, географиялық байланысының бар екені баршаға мәлім. Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше-тін. Түркілер әйелді күнделікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп қана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады.

Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген текті ұғым жатыр. Көне түркілердің мифологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұрты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлқ жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толғақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл, бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы рулы елге айналып, бүгінгі күнге жетеді (Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастырған Ш.Ыбыраев, П.Әуесбаева. Ғылым баспасы. Алматы 2002). Яғни, көне бұл аңыздан ұғаты-нымыз «Ұмай ана» — ұрпақ жалғастығын жебеуші мейірімді рухани күш.

Бәзбір батыс зерттеушілері «Ұмай ананы» Тәңірге балап, ер түріктің ұрпағын хақ сенімнен адастырғысы келеді. Алайда, «Ұмай ананы» теология және космогониямен байланыстырудың еш реті жоқ. Бұл туралы зерттеуші Д.Қыдырәлі: «Ориенталист ғалымдар «Ұмай сөзін «тәңір ана» деп қате аударып жүр. Біздің ойымызша, Ұмай — аналарды қолдайтын періштенің аты. Қыз ұзатылғанда, неке қиылғанда, әйел босанғанда Ұмай анадан медет тілеу осыдан келіп шыққан» (Д.Қыдырәлі Атымды адам қойған соң... Таймас баспасы. Алматы 2008) деп «Ұмай ана» ұғымын дәл зерделейді.

Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Әсілі, қазақтың «пешенеден белгілі» сөз тіркесі осы «бес ене» ұғымынан шыққан. Көне түркілер пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Құмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған (Бақыт Әбжет. Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері.). «Бес ене» періште текті рухани күш саналғандықтан, адамды ауруынан емдеп, алдынан жарылқай білген. Осы себептен көне түркілер «Ұмай анамен» бірге «бес енені» де пір тұтқан.

Біздің пікірімізше, түркілер «Ұмай ана» деп Адам атаның қосағы Хауа ананы айтқан секілді. Себебі, белгілі руника зерттеушісі Қ.Сартқожаұлы да Орхон-Енесей тас жазуында түркілердің «Ұмай текті ұрпақ» деген тіркестерді қолданғанын жеткізеді (С.Қаржаубай. Орхон мұралары. Күлтегін. Астана 2003). Демек, түркілер «Ұмай ананы» Тәңірге баламай, керісінше оның жатырынан жаралғанын пайымдаған. Әрине, бұл пікіріміз әлі де зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, түркілер адамзат атты алып ағаштың бір бұтағы саналғандықтан, олардың алғашқы жаратылыс иесінің жары Хауа ана туралы білмеуі де мүмкін емес деп ойлаймыз. Яғни, түркілердің дүниетанымындағы «Ұмай ана» Адам атаның қосағы Хауа ана болуы бек мүмкін.



1. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыз.

Ұмай ана, генеологиялық байланыс, көне түркі, дүниетаным, адамзат, дәуір, табиғат, зерттеуші, мұра, ұрпақ жалғастығы, дерек, аңыздар.

2. Мына сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыз.

1. Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай ана» кім?
2. Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі?
3. Түркілер әйел затын неге «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалайды?
4. Көне түркілер мифологиясындағы «Ұмай ана» түсінігі?

3. Төмендегі сын есімдерді шырай түріне қарай өз бағанына орналастырыңыз.

Қысқа, толық, жүйрігірек, қып-қысқа, көкшілтім, ең жақын, толықтау, қалыңырақ, жылылау, әдемірек, тым көркем, бозғыл, өте қарапайым, қысқарақ, нағыз жақын, ең биік, салмақтылау, жұп-жұмыр, қуқылдау, өте сүйкімді, бозаң, тым ашық, тіпті алыс, кілең жайсаң, қоңырқай.

Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай	Асырмалы шырай
М: қысқа	М: жүйрігірек	М: қып-қысқа	М: кілең жайсаң

4. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтіннен сын есімді теріп жазыңыз

Домалақ ана

Шын есімі Нұрилла – есімі ел ұранына айналған Абыз аналардың бірі. Ол 660 ж өмірге келген. Шыққан тегі Орта жүздің Уақ тайпасының ішіндегі Шоға руынан. Ұлы жүзде "Уақ болсаң Шоға бол - даулы істе жорға бол" - деген сөз содан қалған деседі. Кешегі тарихымызда болған Төле би бабамыз да осы сөзді көп қолданған екен. Төле би көзі тірісінде Уақтарды "түбім", "асыл сүйегім", "түп нағашым" деп ерекше ықылас көрсеткені де сондықтан деседі.

Өз анамыздың әкесі де көріпкел әулие кісі болған екен. Бір күні әкесі түсінде аян көреді. Түсінде "Қызыңды бірінші болып білегінен ұстаған адамға бер" деп аян береді. Осы әкесінің өсиетімен Домалақ ана он тоғыз жасында (679 ж) Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Ол кезде Бәйдібек бидің жасы 47 де болыпты. Құдыққа құлап кеткен анамызды Бәйдібек ата арқанмен тартып шығарып, білегінен ұстап көтеріп, шапанына орап алып үйіне апарған екен. Үйінде әкесі Нұриладан: - Бәйдібек сені қалай шығарып алды? деп сұрапты. Сонда Нұрилла: - "Арқанмен тартып шығарып білегімнен ұстап көтеріп алды" - депті. Онда сен осы кісіге ұзатамын - депті. Ел ішіндегі деректерге қарағанда, оған «Дихнат мама» деген атауды түп тегі түрікпен Қара Хайдар деген кісі қойған. «Дихнат мама» – парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулие ана» деген мағына береді. «Дихнат мама» сөзі уақыт өте келе дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған. Одан тараған ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп, ел билеген.

Жарықшақ (680-761ж) деген ұлы Жетісу өлкесінің ұлысбегі болған. Домалақ ана өмірінің соңғы жылдары Ташкент қаласында өтеді. Алайда ері Бәйдібектің түсінде аяны

бойынша, өздерінің ескі қонысы Қаратауға барып тұруға қамданып, жол шегеді. 738 жылдың жиырма сегізінші мамырында 78 жасында көш Балабөген өзенінің жағасына жеткен кезде Домалақ ана сол жерде көз жұмады. Өзінің тілегі бойынша Домалақ ана сол жазыққа жерленеді.

Интернеттен

5. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.

1. Шын есімі Нұрила – есімі ел ұранына айналған
2. Өз анамыздың әкесі де көріпкел
3. Түсінде «Қызынды бірінші болып білегінен ұстаған адамға бер»
4. Одан тараған ұрпақтарының бәрі де білімімен, ақылымен ерекшеленіп,
5. Өзінің тілегі бойынша Домалақ ана
6. Домалақ ана өмірінің соңғы жылдары

6. Берілген жай шырайдан салыстырмалы шырай жасаңыз.

Жақсы, биік, кең, қоңыр, таза, нәзік, жұмсақ, қысқа, ұзын, таяз, кекшіл, өр көкірек, шолақ, жеңіл, тұнық, боз, көк, жүйрік.

7. Тест тапсырмалары

1. Сын есім

- A) Іс-қимылдың орындалуында орындаушының қатысын білдіреді
- B) Заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы
- C) Заттың іс-әрекетін, қимылын, сипатын білдіретін сөз табы
- D) Зат есім, сын есім, сан есімнің орнында жүретін, қолданатын сөз табы.
- E) Заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы

2. Сын есімнің құрамына қарай бөлінуі

- A) Сапалық, қатыстық
- B) Негізгі, туынды
- C) Дара, күрделі
- D) Салыстырмалы, асырмалы
- E) Күшейтпелі, қатыстық

3. Заттың жай қалыпты түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін шырайдың түрі

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Асырмалы шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Күшейтпелі шырай

4. Заттың сындық белгісін, басқа затпен салыстырғанда кем немесе артық екендігін білдіретін шырайдың түрі

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Асырмалы шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Күшейтпелі шырай

5. Белгілі бір сындық белгінің бір нәрседен өте артық немесе өте кем екендігін білдіретін шырайдың түрі

- A) Салыстырмалы шырай
- B) Күшейтпелі шырай
- C) Жай шырай
- D) Ашық рай
- E) Шартты рай

6. Сапалық сын есімдерді көрсет

- A) Жақсы, кіші, өнерлі
- B) Жаман, алыс, күзгі
- C) Ақ, сары, ашық
- D) Дауысты, дауыссыз, ұзын
- E) Сұр, қызылдау, жаманырақ

8. Өленді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыз.

Сүйемін туған тілді анам тілін,
есікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, құлыным, жаным деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,
«Апа» деген сүйгендік сөз һәм менен.
Қалжақтап алып қашып құрбы бөркін,
Сол тілменен ойнадым далада еркін.
Сол тілменен бірінші сыртқа шыққам,
Өмірден, ен даладан ұққам көркін.
Сол тілменен білгіздім тілегімді,
Бірінші сүйген жарға жүрегімді.
Маған қарай тығылып «жаным» деген,
Мойнына апарғанда білегімді.
Сол тілменен үйрендім нәрсе аттарын,
Сол тілменен ұғынды, әдетті мен жаттадым,
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Сіз бұл адамды білесіз бе?

Ахмед Иүгінеки, Югнаки Адиб Ахмед ибн Махмуд (12 ғасырдың соңы, Түркістан өңірі - 13 ғасырдың басы, сонда) – орта ғасырлық ақын, хакім, ойшыл. Иүгінеки (қазақша Жүйнек) қаласында туып өскен. Ахметтің туған жері Түркістанға қарасты Иугнәк деген қыстақ.

Қазақтар ол жерді Жүгенек деп атаған. Ахмет жас шағында араб, парсы тілін меңгерген білімді адам болған.

Ахмед Иүгінекидің ғұмыры, өмір сүрген ортасы туралы деректер тым тапшы. Зағип болып туып, фәни жалғанның жарық сәулесін көрмей бақиға озған Ахмед жастайынан ілім-білімге құмартып, түркі тілдері мен араб тілін жетік меңгерген. Шаригат қағидаларын жан-жақты зерттеп-танып, терең іліміне сай “Әдиб Ахмед” деген құрметті атқа ие

болған. Ақыл-ойы толысып, діни танымы әбден кемелденген шағында Ахмед Иүгінеки қысқаша тақырыптарға бөліп, ислам құндылықтарына негізделген өлең-жырларын өмірге келтіре бастайды. Кейін бұл жәдігерліктердің басы біріктіріліп, «*һибуат-ул-хақайқ*» («Ақиқат сыйы») деп аталатын дидактикалық өлеңдер жинағына айналған. Мазмұны, танымдық нәрі жағынан алғанда «Ақиқат сыйы» — Әбу Насыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи мұраларымен іштей астасып, 9 — 13 ғ. аралығындағы түркі дүниесінің рухани қазыналарының жарқын туындысына айналды.

Ахмет Иүгінекидің “Ақиқат сыйының” түпнұсқасы біздің заманымызға жетпей, біржолата жоғалып кеткен. Ахмед Иүгінеки мұрасының 14 — 15 ғасыр жасалған 3 түрлі көшірмесі, 3 түрлі үзіндісі бар. Оның ішінде ең ескісі — 1444 жылы Самарқанда Арыслан Қожа тархан Әмірдің қалауымен Зәйнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. Көне ұйғыр, арагідік арабша хатқа түскен нұсқаның жалпы көлемі - 508 жол. Бұл мұра қазір Стамбұлдағы Айя-София кітапханасы қорында сақтаулы; 2-нұсқа Стамбұлда 1480 жылы Шайх зада Абд әр-Раззақтың ұйғыр және араб жазуымен көшірген, 506 жолдан тұратын үлгісі. Парсыша, тәжікше түсініктемелері бар, Стамбұлдағы Айя — София кітапханасында сақтаулы бұл жәдігерлікті Н. Әсім 1915 жылы, ал қаласының Маһмудов 1972 жылы алғаш жариялаған; “Ақиқат сыйының” үшінші арабша нұсқасы 14 ғасырдың аяғында, немесе 15 ғасырдың басында 524 жол өлең көлемінде көшірілген. Ол Стамбұлдағы Топ-Қапы сарайында сақтаулы. Сол сияқты “Ұзын көпірдегі Сейіт Әлі” деген кісінің кітапханасынан табылып, Анкара кітапханасына табыс етіліп, кейін мүлдем жоғалып кеткен Ахмед Иүгінеки мұралары туралы дерек бар. Анкарадағы Маариф кітапханасынан табылған (көлемі 4 бет), Берлин Ғылым Академиясында сақтаулы тұрған (1 бет) өзге нұсқалардың із-жосықтары Ахмет Иүгінеки. еңбектерінің қаншалықты кең көлемде таралғанын дәлелдей түседі.

Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы:

Қазақстан Республикасы

Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі,

Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.